



ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университеті
АКТЮБИНСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. К. ЖУБАНОВА
КІТАПХАНА – БИБЛИОТЕКА

Аты әлемге мәшһүр жазушы
Ілияс Есенберлин

Биобиблиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2015



Аты әлемге мәшһүр жазушы: Биобиблиографиялық көрсеткіш/ Құраст. Таубатырова Д. – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің кітапханасы. – 2015. – бет.

Биобиблиографиялық көрсеткіш қазақтың әйгілі жазушысы, қоғам қайраткері Ілияс Есенберлиннің өмірі мен шығармашылығына арналған.

Биобиблиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспиранттар мен оқытушыларға арналған.

Аты әлемге мәшһүр жазушы: Биобиблиографический указатель /Сост. Таубатырова Д. – Библиотека Актюбинского Регионального Государственного университета им. К. Жубанова. – 2015. - стр.


Биобиблиографический указатель посвящен жизни и творчеству виднейшего казахского писателя, мастера художественной литературы – Ильяса Есенберлина.

Указатель состоит из двух разделов.

Биобиблиографический указатель предназначен для студентов, магистрантов, аспирантов, преподавателей университета.

Басылымға жауапты;

Ответственный за выпуск: Уналбаева Г.К.



"Ілияс Есенберлин – қазақ әдебиетінің ғана емес, қазақ халқы тарихының төрінен орын алатын дара тұлға".

Нұрсұлтан Назарбаев

Ілияс Есенберлин

(1915-1983)

Ілияс Есенберлин 1915 жылы Ақмола облысындағы Атбасар қаласында туған. 1940 жылы Қазақ тау - кен институтын бітірген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыстан кейінгі жылдарда филармонияны, "Жазушы" баспасын басқарады, т.б. жұмыстар атқарады. Жазушы Алматыда дүние салды. Қазақ әдебиетінде І. Есенберлин - жазған романдарының саны ең көп аса көрнекті жазушылардың бірі. Жазушы "Айқас" (1967), "Ғашықтар" (1968), "Алтын құс" (1971), "Көлеңкемен қорғай жүр" (1974), "Маңғыстау майданы" (1978), "Аманат" (1978), т.б. романдарымен оқырман назарын өзіне ауд арды.

Тарихи романдары. Есенберлиннің нағыз жазушылық орнын белгілеген шығармалары — "Қаһар", "Алмас қылыш", "Жанталас" атты тарихи романдары.

Тарихи романдар деп өткен тарихтың маңызды оқиғаларын қайта жаңғыртып, оларды көркем түрде баяндайтын романдарды айтады. Жазушылар тарихи романда тарихты жаңғыртумен шектеліп қоймай, адамгершілік, психологиялық, мәдени мәселелерді біртұтас көтеруге көңіл бөледі.

Жазушы І. Есенберлин өзінің тарихи трилогиясында қазақ елінің ХҮ -ХІХ ғ.ғ. тәуелсіздік үшін табанды күрестерін көркем суреттейді. Осы жолдағы қыруар қиындықты, ішкі қайшылықтарды, адам қатынастарын, олардың әрекеті мен мінез құлықтарын, сырт жаулармен шайқаста шыныққан бірлікті, дәстүрді, салт-сананы көрсетеді. Тарихи жазба деректерге, шежіре мағлұматтарына, аңыз әңгімелерге сүйене отырып, қаламгер қазақ халқының тарихының аса маңызды тұстарын ашып, көптеген тарихи қайраткерлердің көркем тұлғасын жасайды.

Ильяс Есенберлин родился в 1915 году в городе Атбасаре Акмолинской области. Его детство и молодость совпали с печально известными событиями 20-30 годов, когда весь народ пережил социальные потрясения, нищету, голод. Для Ильяса этот удар был вдвойне ощутим, так как он рано, в пять лет, остался круглым сиротой. Ильяса отдали в детский дом. Там будущий писатель писал стихи для стенгазет. После окончания начальной школы Ильяс уехал в Кызыл- Орду и стал учиться в интернате, затем устроился на работу в райисполком в городе Карсакпае. Летом в Карсакпай пришла разнарядка на курсы по подготовке в Горнометаллургический институт в Алма-Ате, и Ильяс стал студентом горного факультета. Он очень быстро стал заметным человеком в институте. Когда в 1937 году состоялся 1-й Чрезвычайный съезд Советов Казахстана, принимавший первую конституцию Казахской ССР, студент Есенберлин был избран делегатом этого съезда.

В 1940 году окончил Казахский горнометаллургический институт и его направили на работу в Джезказган, а осенью был призван в Красную Армию. Продолжил учебу в Рижском военно-политическом училище. Ушёл на фронт, в январе 1942 года тяжело ранен в ногу под Старой Руссой, год в госпитале в Костроме, в 1943 году комиссован по инвалидности и возвращается в Казахстан. Награждён двумя медалями — «За боевые заслуги» и «За оборону Ленинграда». До 1947 года работает инструктором в аппарате ЦК Компартии Казахстана. В конце войны Есенберлин женится на дочери расстрелянного в 1937 году наркома юстиции Хамзы Жусупбекова, привозит из АЛЖИРа тещу, вдову репрессированного наркома. Тем самым попадает под колпак НКВД. И в 1949 году арестован и приговорён к 10 годам лагерей. Отбыл половину, которые провёл на строительстве Каракумского канала горным инженером по взрывным работам. По освобождении работает в Министерстве геологии Казахской ССР, затем начальником управления Берсугирской шахты. Если до ареста он писал стихи (поэмы «Айша» и «Султан» (1945) и сборник «Песни благородства» (1949), то потом перешёл на прозу («Повесть о человеке» (1957), «На берегу реки» (1960). С 1958 года — редактор сценарно-редакционной коллегии киностудии

«Казахфильм», с 1962 года — редактор Казгослитиздата, с 1967 года — директор издательства «Жазушы», затем секретарь правления Союза писателей Казахстана (1971—1975). С 1975 года уходит на творческую работу, результатом которой стало 15 романов за 16 лет.

Творчество

С 1945 года Есенберлин публикует сборники стихов и поэм. Позже пробует себя в драматургии — пьеса «Борьба в горах» ставится в Республиканском театре юного зрителя. Переводит с русского на казахский произведения К. Д. Ушинского. Пишет ряд соцреалистических романов: «Схватка» (1966) — о казахстанских инженерах (Государственная премия Казахской ССР 1968 года), «Опасная переправа» (1967) — о становлении советской власти в Казахстане, «Влюблённые» (1968).

Потом переходит на историческую тематику: три романа "Хан Кене (1969), "Заговоренный меч (1971) и «Отчаяние» (1973), составившие знаменитую трилогию «Кочевники», охватывающую события в казахской степи с XV по середину XIX века: формирование казахского народа, сложные взаимоотношения с Джунгарией, Китаем, Хивой, Бухарой, Российской империей.


Потом были еще романы «Прикрой своим щитом» (1974) — о первоцелинниках, «Золотые кони просыпаются» (1976), «Мангистауский фронт», «Завещание» (оба — 1978), «Дальние острова» (1983), «Праздник любви» и «Радость белых лебедей» (оба — 1984). Книга из трех романов под общим названием «Лодка,

переплывшая океан», в которой повествуется о нравах казахской интеллигенции, долго не издавалась и вышла, как и ряд других, только после смерти писателя.

В 1979—1983 гг. писатель пишет трилогию «Золотая Орда», состоящую из романов «Шестиглавый Айдахар», «Шесть голов Айдахара» и «Гибель Айдахара» (Айдахар с казахского — дракон), повествующую об истоках казахской нации.

Книги писателя переведены на многие языки и изданы миллионными тиражами, точнее более 8 млн. экз[1].


Исторические романы Есенберлина являются значимым событием в культуре Казахстана.



Есенберлин І.

Айқас.: Роман. – Алматы: Жазушы. – 1966. – 216 бет.

Жазушы Ілияс Есенберлин «Айқас» романындағы жас геолог Бекайдар Әжімов, Дәмелі, Васильевтер міне осындай күрес жолында, жалған ғалым Нүрке, мансапқор Еламановтармен тартыс үстінде шындалады. Дәурен, Жариков сияқты ізгі жандардан тәлім алып, халқының алдын да ар-ұжданын жоғары ұстауды үйренеді. Автор бұл романында қазіргі замандастарымыздың әділетшіл, еңбеккер, қайсар тұлғасын жасайды.



Есенберлин І.

Алмас қылыш.: Тарихи роман. – Алматы: Жазушы. – 1971. – 323 бет.

«Алмас қылыш» атты мына романында автор қазақ халқының өз алдында дербес мемлекет болып қалыптасу жолындағы күресін суреттейді. XV ғасырда әртүрлі хандықтар құрамында бытырап жүрген қазақ руларының өмірі, қанаушы үстем тап өкілдерінің озбырлығы, ел -елдің қарым-қатынасы, қанды жорықтар сапаты ро манда тарихи деректер негізінде тартымды бейнеленген.



Есенберлин І.

Алтын құс: Роман. – Алматы: Жазушы, 1972. – 183 бет.

«Алтын құс» романында Ілияс Есенберлин бір кеншінің басынан өткерген қилы-қилы өмір хикаясын баян етеді. Кеншіміз Еңбек Ері – Сабыр қатардағы жұмысшыдан өскен, өмірден көргені, көкейге түй гені көп ойлы адам. Сабырдың Ақбаян жайындағы тұжырымы жастарды-есейгенде өкінбеу үшін, жас кезінде дұрыс ойлануға; күнімдік рахатты күйттемей, мағыналы өмір көшіруге меңзейді.



Есенберлин І.

Алтын Орда.: Тарихи трилогия. – Алматы: Жазушы, 1982. – 264 бет.

Жазушы Ілияс Есенберлиннің тарихи тақырыптарға арналған шығармалары қалың оқырманға жақсы таныс. Оның «Алтын Орда» тарихи трилогиясының бірінші кітабы Алтын Орда хандығының құрылу кезеңі, яғни XIII ғасырдың 75-80 жылдарна дейінгі дамуын арқау еткен. Трилогияның екінші, үшінші кітаптарында XIV ғасырдың басынан бастап, XV ғасырдың алғашқы жиырма жылдығы аралығындағы оқиғалар қамтылған. Осы жүз жылдан аса уақыт ішінде Алтын Орда мемлекеті дәуірлеп, шілдей тозып, құлдырап, бөлшектенеді.



Есенберлин І.

Ғашықтар.: Роман. – Алматы.: І.Есенберлин атындағы қоры. – 1996. – 192 бет.


Оқырмандарға ұсынылып отырған «Ғашықтар» романының автордың шығармаларының арасында ерекше орны бар. Өзінің айтуы бойынша бұл оның ең сүйікті кітабы. Бұл кітапта терең қайғы - қасіретті өз басынан кешіруі арқасында адам жанының өсіп дамуының құпиялары көрсетіледі.



Есенберлин І.

Жанталас.: Тарихи роман. – Алматы: Жазушы, 1973. – 320 бет.

Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ілияс Есенберлин халқымыздың арғы - бергі тарихына барлау жасап, «Қаһар», «Алмас қылыш» атты романдар жазғанын оқушы қауым жақсы біледі. «Жанталас» аталатын мына шығарма – сол екі кітаптың арасын жалғастыратын, трилогияның екінші бөлімі. Бұл романда қазақ халқының ХҮІІ - ХҮІІІ ғасырларда басынан өткерген ұлы - ұлы оқиғалар әңгіме болады. Халқымыздың басына Жоңғарлар күшпен әкеп таңған «Ақтабан шұбырынды» трагедиясы, қазақ елінің Россия қол астына кіруі, шет ел басқаншыларына қарсы күрес кітап та тарихи деректер негізінде қызғылықты баяндалған.




Есенберлин І.

Қатерлі өткел: Роман. – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2001.

– 288 бет.

Жазушы І.Есенберлин «Қатерлі өткел» атты бұл романында еңбекші халыққа бостандық, теңдік, бақыт әперген ұлы күш, ең демократияшыл құрылыс – советтік құрылыстың қазақ даласында қалай қалыптасқанын бейнелеуді мақсат еткен. Бұл шығармадағы басты кейіпкер жас ақын Бүркіт .



Есенберлин І.

Қаһар.: Тарихи роман. – Алматы: Жазушы, 1969. – 352 бет.

Соңғы жылдары жұртшылыққа «Айқас», «Қатерлі өткел», «Ғашықтар» романдарын ұсынған белгілі жазушы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты І.Есенберлин «Қаһар» атты жаңа шығармасында тарихи тақырыпқа қалам тартқан. Романда автор 1836 -1847 жылдар арасындағы қазақ даласында болған д үрбелеңді тарихи фактілер негізінде шынайы бейнелей білген.



Есенберлин І. Мұхиттан өткен қайық.: Роман. – Алматы.: І.Есенберлин атындағы қоры. – 2001. – 335 бет.

І.Есенберлиннің бұл романы ғұмырбаяндық, сарында аса тартымды болып шыққан шығармалардың бірі . Сонау алпысыншы жылдары бір деммен жазылып шықты. Отыз жылдай баспахана «тартпасында» сүрленіп жатып қалды. Зор энциклопедиялық білім мен қанатты қалам иесі туған халқының тұтас дәуірлік ғұмырын қамтитын көптеген тарихи туындылар туғызу арқылы тереңге сүңгіп, өз кейіпкерлерінің тағдырларын жанжүрегінен өткізе, олардың бейнелеріне біте қайнаса бірігіп кетіп отырады



Есенберлин І.

Он томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы.Т.9 2-ші, 3-ші кітап. «Алтын Орда» тарихи трилогия. – 1987. – 544 бет.

Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, белгілі жазушы Ілияс Есенберлин он томдық шығармалар жинағының тоғызыншы томына «Алтын Орда» атты тарихи трилогиясының екінші және үшінші кітабы еніп отыр.



Есенберлин І.

Золотая Орда./ Пер. с каз.яз. В. Мироглова. – Алматы: Санат, 1998. – 704 с.

В историческом романе «Золотая Орда» известного казахского писателя Ильяса Есенберлина (1915-1983) художественно осмысливается возникновение и падение Золотой Орды, основанной в результате татаро- монгольских завоеваний в 40-х годах тринадцатого столетия.



Есенберлин И. Заговоренный меч. : Исторический роман-хроника./Пер. Сказ.яз. М.Симашко. – М.: Молодая гвардия, 1974. – 304с.

Роман-хроника известного казахского писателя посвящен чрезвычайно сложному периоду в жизни казахского народа. Кровавым смерчем пронесли тумыны Чингисхана по казахской степи, смели древние города и кочевья, а затем обрушились на Русь. Прошло два века, прежде чем стала рассеиваться черная ночь над доброй половиной мира, и начало этому положила великая Куликовская битва. В романе прослеживаются сложные процессы возрождения казахского народа в XIV-XV веках, консолидации казахских народов, приведшие впоследствии к созданию единого казахского ханства




Есенберлин И.

Золотая птица. – Схватка.: Два романа./Пер. с каз.яз. – Алма – Ата.: Жазушы, 1977. – 336с.

Ильяс Есенберлин – известный казахский писатель, автор ряда романов и повестей. Среди них – романы «Золотая птица» и «Схватка».

«Схватка» - роман о казахстанских геологах – в 1968 году отмечена Государственной премией Казахской ССР



Есенберлин Ильяс.

Опасная переправа. Золотые кони просыпаются. Пер. с каз.яз. – Алматы: Жазушы, 1979. – 352 с.

В книгу лауреата Государственной премии Казахской ССР Ильяса

Есенберлина вошли два романа. «Опасная переправа» – произведение, уже известное читателю, - рассказывает о жизни и становлении казахской интеллигенции.

«Золотые кони просыпаются» – многоплановый роман о творческих дерзаниях, поисках древней цивилизации казахскими археологами и повседневном труде гидрогеологов, создающих рукотворное море в степях Сырдарьи.








«Есенберлин Ілияс қызық еді. Ұлытаудың сілемі, үзігі еді. Арктика мұзындай тақырыпты, Жалғыз өзі — жарықтық бұзып еді!»

Қадыр Мырза-Әлі

2015 жылы Ұлттық академиялық кітапханасында «Бір ел — бір кітап» акциясы бойынша ұйымдастыру комиссиясының отырысында жыл кітабы болып Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы таңдалды.

«Центральное место в творчестве Ильяса Есенберлина занимает знаменитая трилогия „Кочевники“, которую отличают эпический размах, динамизм действия, живые неповторимые образы выдающихся деятелей казахской истории, точный и выразительный язык»

Нурсултан Назарбаев.



Есенберлин І.

Көшпенділер: Тарихи трилогия. – Алматы: «І.Есенберлин атындағы қоры», 1998. – 584 бет.

Ілияс Есенберлиннің шығармашылығында атақты «Көшпенділер» трилогиясы негізгі орын алады, ол этикалық құлаш-қарымымен, оқиғалардың серпінділігімен, қазақ тарихының жанды әрі қайталанбас тұлғалардың бейнесімен, тілінің шынайлығымен және айқындылығымен ерекшеленеді.

Трилогиясы тарихта ешқандай «жоғалып кетулердің» болмағанын, осы ғасырлардың бәрінде де қазақ халқы өзінің ежелгі жерінде өмір сүріп, еңбек еткенін сенімді түрде көрсетеді

Есенберлин Ілияс.

Кочевники: Историческая трилогия/ Пер.с каз.яз М. Симашко. – Алматы: Жазушы. – 1986. – 224 с.

В трилогию "Кочевники" казахского писателя Ильяса Есенберлина входят исторические романы - "Заговоренный меч", "Отчаяние", "Хан Кене", опубликованные в разное время в московских издательствах. Это - широкое эпическое полотно, воссоздающее историю казахского народа, начиная с XV века и кончая серединой девятнадцатого столетия. В своей трилогии И.Есенберлин дает историческое обоснование единения казахского народа с Россией.

Құрметті оқырмандар!

Ұсынылып отырған кітаптармен кітапханада танысуға болады.